



14-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Пікірталас бағдарламалары.
Вагондарды байқап тізбекте



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Пікірталас бағдарламалары. Вагондарды байқап тізбекте
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

I.

Армысыздар! Отандық журналистерге арналған американдық белгілі сценарист, режиссер Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістерімізді одан әрі жалғастырамыз. Бұған дейінгі он үшінші дәрісімізде телевизиялық ток шоу мен сұхбат жөнінде сөз еткенбіз. Ал кезекті дәрісіміздің бірінші бөлігі сол ток шоу мен сұхбаттың телевизиядағы жалғасы іспетті пікірталас пен саяси дебатқа арналмақ. Одан әрі дәрістің екінші бөлігінде өзіміздің қазақ тілді журналистердің сөздерді бей-берекет қолданудан қандай олқылықтарға ұрынатынын көрсетеміз.

Пікірталас бағдарламалары аты айтып тұрғандай пікір және ақпараттар алмасуға қызмет етеді. Оны ешқашан сұхбатпен шатастырмау керек.

Пікірталас бағдарламасының сценарийін жазған автор өте көп дайындық пен өте аз дайындықтың арасындағы шептен өтеді. Мұнда сіз ешқашан толық сценарий жаза алмайсыз. Өйткені бағдарламаға келетін адамдардың ойында не бар екенін алдын ала білмейсіз ғой.

Олар өздерінің пікірлері мен түсіндірмелерін тақырып басталған соң біртіндеп тарқата бастайды. Екінші жағынан ешқандай дайындық яғни сценарийдің сорабы болмаса, онда бағдарламаға қатысушылардың ойлары мен сөздері жан-жаққа бытырып, діттеген тақырып ашылмай қалады. Сондықтан не талқылатыны, оның басты тарқатылар түйіндері алдын ала анықталып қойғаны жөн.

Тақырыптың жоспары барлық қатысушыларға бағдарлама басталмастан бұрын ұсынылады дейді Роберт Хиллиард мырза. Олар студияға кірмес бұрын өз сөздерін жұптап келеді. Сол сияқты сөйлеушілердің реті де түсіру жұмыстары басталмас бұрын айқындалады. Сценариде тіпті кімге қанша уақыт бөлінетіні де көрсетілсе артық емес.

Автор тарапынан әзірленген сұрақтар тым қасаң болмасын дейді Роберт Хиллиард мырза, Себебі кесіп қойылған сұраққа қатысушылар иә немесе жоқ деп жауап беріп отырса, бұл бағдарлама жанданбайды. Ол пікірталас емес бар болғаны ауызша анкетаға айналып кетеді.

Аса тыңғылықты жасалған дайындық бұл бағдарламаны іш пыстырарлық етіп жіберуі мүмкін. Сондықтан қатаң да қасаң сценариге жүгінбей, пікірталасқа еркіндік беру керек.

Пікірталас бағдарламалары кейде қатысушылар арасындағы бұра сөйлейтіндерге, теріс ой қозғайтындарға әдейі қолдау білдіреді. Мұны қазақ әдетте «отқа май құйды» деп тeneйді. Мұндай бұра тарту басқа қатысушылар арасында бұған дейін айтылмаған дәлелдер мен дәйектерге түрткі болады. Шындықты іздеуге шақырады.

Пікірталас бағдарламаның өзі бірнеше түрге бөлінеді. Оның алғашқысы дөңгелек үстел сипатында ұйымдастырылады. Бұл пікірталастың ең икемді түрі дейді Роберт Хиллиард мырза. Бірнеше адам кезгімен ортақ тақырып туралы ойларын айтады. Модератор өзі суырылып ой қозғамай, бар болғаны қатысушыларды бағыттайды. Әрі жағдайды бақылауда ұстайды.

Мұндай бағдарламаның тағы бір түрі баяндаманы талқылау. Онда алдымен бір тақырып бойынша ресми тұлғаның немесе оны зерттеп жүрген маманның баяндамасы тыңдалып, содан кейін ол бойынша пікірлер айтыла бастайды.

Бұл бағдарламаның басында модератор тақырыппен таныстырып, басты сөйлеушінің кім екені туралы ақпарат беруге міндетті. Бұл жерде бағдарлама авторы баяндамашының сөйлейтін мәтінін алдын ала қарап, қажетінше телевизияға бейімдейді. Алдымен негізгі ойларын іріктеп, басқасын қысқартып береді.

Пікірталастың үшінші түрі саяси дебаттар. Бұған зор дайындық керек. Дебаттың ережесі алдын ала бекітіледі. Оған қатысатындар бұл ережемен танысып, келісуі керек. Тіпті келісімді жазбаша түрде алғанның артығы жоқ. Дебат саяси партиялар мен қозғалыстар өкілдері, сайланбалы қызметке кандидаттар арасында өтеді. Сондықтан оларға әрдайым тең мүмкіндік беріледі. Бұл тепе-теңдік эфир уақытынан бастап олардың студияда тұрған жеріне түсіретін жарыққа дейін қатысты.

Дебат тікелей эфирде өте ме, жоқ жазылып кейін беріле ме мұны да анықтап алады. Қазіргі он лайн заманында жазып алып монтаждап беру көрермендер үшін қызықсыз. Сондықтан олар дебаттың тікелей эфирде болғанын қалайды. Осымен біз Роберт Хиллиардтың «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістің бүгінгі нүктесін қоямыз. Ары қарай қазақ тілді тілшілерді сөзді бет-албаты қолданбауға шақыратын өз дәрісімізді бастаймыз.

II.

Қазіргі дәрісіміз өте қажетті тақырыпқа арналады. Біздің телевизия мен радиодағы, ең бастысы



баспасөздегі журналистеріміздің көп суретін жері осы. Бір қарағанда сауатты дейтін, сөздерді қатесіз жазатын дейтін, эфирде қатесіз сөйлейтін сияқты көптеген тұлғаларымызға да бұл олқылық тән. Сырттай қарағанда жатық көрінетін сөйлемдерде осы олқылықты байқаймыз.

Алдымен телеарналардың бірінде жаңалықтардың айташысы, яғни сюжеттерді жетектеп, бүкіл жаңалықты тізгіндеп отырған жүргізуші былай деді: «Мұнай экспорттаушы төртінші үлкен ел Сауд Арабияның Иранға жасалған Батыс қысымынан соң тіптен айы туды». Түсінікті болуы үшін мен сөз тіркестерін бөліп-бөліп тағы бір рет оқып берейін. «Мұнай экспорттаушы... төртінші үлкен ел... Сауд Арабияның... Иранға жасалған... Батыс қысымынан соң... тіптен айы туды».

Белгілі телеарнаның шетел жаңалықтарына қатысты бөлігінде белгілі тележүргізушісі айтқан осы сөйлемді редакцияламас бұрын осы сөйлемді өмірге қандай көрініспен салыстыруға боларын ойлап тауып көрелік. Ағып жатқан сумен теңеуге бола ма. Иә, кез-келген сөйлемді ағып жатқан сумен салыстыруға болады ғой. Сарқырап ағып кетеді десек болар еді. Жоқ, мына сөйлемді талдап, түсіндіру үшін біз басқа салыстыруға, теңеуге жүгінбекпіз. Тағы қандай теңеу боуы мүмкін. Өсіп тұрған ағашқа ма? Иә, ағаштың тамырынан ең ұшындағы биік бұтақтағы жапырағына дейін бар. Қазақ тілінде әдеттегі ең заңмен жазылған сөйлем бастауыштан басталып, баяндауышпен аяқталатынын ескерсек, тамырын бастауышқа, ең ұшын баяндауышқа теңеп көрсетуге болар еді. Бірақ, мына сөздері ретсіз тұрған: «Мұнай экспорттаушы төртінші үлкен ел Сауд Арабияның Иранға жасалған Батыс қысымынан соң тіптен айы туды» деген сөйлемге басқа теңеу іздегеніміз ләзім. Себебі, «Мұнай экспорттаушы төртінші үлкен ел Сауд Арабияның Иранға жасалған» деген тіркестері бұл Сауд Арабиясы Иранға бірдеңе жасап отыр екен деген ойға қалдырады. Одан арғы «Батыс қысымынан соң» деген тұсы бұлыңғыр түсініксіз, тұманды жағдайға ұрындырады. Басында Сауд Арабиясы ма десек енді Батыс пайда болды. Сөйтіп сөйлем жұмбаққа айналып шықты.

Ал сонда бұл сөйлемді неге теңейміз? Қазақ үшін теміржол өте таныс. Теміржолды көрмеген қазақ баласы жоқ. Баяғыда әрбір жігіт әскерге осы теміржолмен аттанатын. Ауылдан Алматыға немесе басқа қалаға жоғары білім алуға аттанған қыз-жігіттер бірінші рет пойызға отыратын. Қазақтың той-томалағы мен құдалығы осы пойызға мінуден басталып, пойызға шығарып салумен аяқталып келеді. Осы теміржолдың біздің мына сөйлемді талдап, орын-орынына қойып беруге пайдасы тиісін деп тұр.

Сонымен теміржолмен жүргенде разьезде тұрған жүк пойыздарын талай көрген шығарсыздар. Редакциялауға кірісерде соны көзге елестету керек. Оның бес-алты вагоны қатарынан мұнай цистерналары, сосын бірнеше вагонына ағаш, одан кейін оншақтысына қиыршық тас тиелген делік. Себебі бір-біріне қатарласа жалғанған мұнай цистерналары бір станцаға дейін жеткізіледі. Олар сол жерде ағытылып қалмақ. Сондықтан арасы үзілмей қатар жалғанған. Олардың ортасында басқадай не қиыршық тас тиелген немесе техника арқан вагон кездеспейді. Өйткені аттандырған стансада оларды бір-біріне жалғап қойды, ал жететін стансасында араларын бөлмей ағытып алып қалмақшы.

Сол сияқты қиыршық тас артқан жайпақ вагондарды да бір кеніштен осы тауарлы жүк пойызына тіркеп жіберді. Оның да диттеген өз стансасы бар. Соған дейін қиыршық тас артқан бірнеше вагон араларына өзге жүгі бар вагон кіріп кетпей, өздерінің ретімен жетеді. Жүк пойызының көрінісін барынша айқын түсіндіріп берген сияқтымыз.

Міне, әрбір сөйлемнің тура осы пойыз сияқты тізбегі дұрыс түзілуі тиіс. Демек мысалға алынған сөйлемдегі тізбектерді реттеуіміз керек. Әрбір сөйлем әдетте өз ішінде бірнеше тіркестен тұрады. Сол тіркестер алдымен балталаса бұзлмастай етіп құрылуы керек. Ал юіз талдап отырған мына: «Мұнай экспорттаушы төртінші үлкен ел Сауд Арабияның Иранға жасалған Батыс қысымынан соң тіптен айы туды» деген сөйлем осы ішкі тіркестері дұрыс жасалмағандықтан түсініксіз, ұғымға ауыр болып шыққан.

Енді соны түзеп берейік. Бұл жұмысты редакциялау дейді. Біз бұған дейінгі дәрістеріміздің бірінде жазу әлеміне кіру мен одан шығудың қажеттігі туралы айтқанбыз. Міне соған оралып соғуға тура келеді. Мақаланың немесе телевизиялық бағдарлама мен сюжеттің мәтінін жазып болған соң журналист шағын үзіліс жасауы керек. Кофе ішіп кел. Су ішіп ал. Құрбыңмен сөйлес. Ең дұрысы сыртқа он-он бес минутқа шығып, таза ауамен таныстап қайт. Сыртқа шығып темекі шегіп ал кеңес бермейміз. Жалпы жазуға бейімі бар адамдардың темекі мен арақтан аулақ жүргені дұрыс деп санаймыз. Арақ ішу адамды күнделікті жұмыс ырғағынан айырады. Бірінші күн достармен жиналып көңіл көтеруге бос кетті деп біліңіз. Өйткені кім болса да арақты ішу үшін әлдебір сылтаумен бас қосу жасайды. Осымен бір күн жоғалды. Ертесінде бас әңкі-тәңкі. Ойлардың тізгіні бір жерге жиналар емес. Адам не істеп-не қоярын білмейді. Сонымен бірдеңе істемек болады, онысы ойдағыдай шықпайды. Сөйтіп екінші күн жоғалады. Жазатын адам үшін әр күн не, әр сағат қымбат. Жалпы адамның өмірінің әр сәті қымбат. Оны дәл есеппен қажетке жұмсау керек.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Пікірталас бағдарламалары. Вагондарды байқап тізбекте
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Еген сен талантты адам болсаң, онда сенің уақытын басқалардан да құнды.

Бұл туралы бізден гөрі жазушы Мұхтар Мағауин өте жақсы айтты. Бір адамға берілген талант ол оның жеке басының емес, жаратушының бүкіл халыққа арналған қазынасы деді. Сен ондай талантты болсаң халықтың қазынасын талан-таржы етпей толық игілікке жұмсауың керек. Ал біздің көз алдымызда не болып жатыр. Қаншама талантты адам осы арақтың кесірінен өмірден ерте өтті. Әрине нақты мысал көп. Бірақ бұл жерде біреудің атын атау – этикаға жатпайды. Өзі өмірден өтіп кетті. Әруақ алдында арсыздық болады. Әрі олардың бала-шағасы, туған туыстары бар дегендей. Демек, нақты бір адамның атын айтып нұсқап көрсетпесек те, талай таланттың түбіне арақ жеткенін білеміз. Біздің жас кезімізде орыс тілді өте талантты журналист болды. Біз қазақ тілді ал ол болса орыс тілді жастар газетінде тілші болды. Сұмдық өткір жазды. Тілі де, фактіні табуы да, ойнатып беруі де ғажап. Сосын ешкімнен қорықпады, қаймықпады. Небір өткір тақырыпты туырлығын тіліп жазып тастайтын. Сонысымен танылды. Кешікпей оны Орталықтан шығатын беделді газеттердің біріне Қазақстан бойынша меншікті тілші етіп тағайындады. Бұл өте үлкен жетістік. Осы кезде не болды? Бұл жігіттің қызметін қызғанғандар оған арақ ішкізе бастады. Жай дүкеннің арағы емес. Қайдан табатындарын ол кезде Кеңес Одағында жоқ финн арағы мен ромды және вискиді Мәскеуден әкелсе де соның аузына тосты. «Сен кереметсің, ендеше мынадай керемет арақты сен ғана ішесің». Соншама таланты жігіттің көмекейі бос болып шықты. Ақыры маскүнемге айналды. Көшеде мас болып жүргенін талай көрдік. Редакцияға келіп бір кездегі таныстарын «ең болмаса қызыл арақ әперші» деп мазалайтын деңгейге түсті. Сосын жоқ болып кетті. Аты өшті. Бірер жылдан соң ешкім есіне де алмайтын болды. Ал оны маскүнем еткен топ өкілінің бірі сол орталық газеттегі меншікті тілші қызметіне жетті. Оны қашан одақ тарап, орталық газеттердің ықпалы аяқталғанша атқарып жүрді. Міне араққа әуестіктің таза журналистикаға келтірген кеселінің бір ғана мысалы.

Темекінің де зардабы одан кем емес. Өкпеге, жүрек пен қан тамырларына қаншалықты зиянды екені оның қорабының өзіне де жазылатын болыпты. Оны қайталамай-ақ қоялық. Ал сценарий мен мақала жазып отырған журналистің темекіге әуестігі оның жұмысына үлкен кедергі. Қазір бір тал темекі тартып келіп кірісейін дейді ол жазуды бастамас бұрын. Бұған он минут шығын болды деп санаңыз. Сосын мақала мен сценарийді жазып отырғанда тағы шылым шеккісі келеді. Қазақстанда ғимараттарда темекі тартуға рұқсат жоқ. Арнайы бөлмеге немесе есік алдындағы әдейі жасалған орынға бару керек. Бұл тұста уақыт шығынынан басқа бір маңызды нәрсе бар. Тін үзіледі, жіп шатасады. Кез-келген сценарий мен мақаланың қолында ұстап отырған жіптері болады. Сен сол жіптерді шатастырмай өрмек тоқып келесің. Ал кенеттен болатын үзіліс санаңды алаңдатқандықтан сол өрмекті шатастырады. Темекі тартып келген соң қайтадан жалғап кету қиын. Біраз мандырап отырасың. Ана тінді қайтадан іздеп табуың керек. Оған уақыт қажет. Қазақтың ежелгі тілімен айтқында қолың суып қалған. Қазіргі тілмен жеткізсек моторды қайта қыздыруың керек. Міне жазуға қатысы бар тұлғалар арақ пен темекіден аулақ жүрсын дейтініміз сондықтан.

Сонымен жазғанды редакциялау үшін ол әлемнен шығу керек. Далада сәл болсын таза ауа жұтып қайтып жазғаныңды қайтадан оқисың. Алдымен грамматикалық қателер көзге ұрып тұрады. Соларды жөндейсің. Екінші кезекте тыныс белгілерін орындарына қоясың. Біздің журналист атаулы осы тыныс белгісіне келгенде өте ұятты. Әсіресе телевизия журналистері тыныс белгілерін қоя алмайды. Кейде ескертіп жатсаң, «аға, оны ешкім көрмейді ғой» деп қарсы уәж білдіреді. Мәселе, біреудің көріп қойып, ұялтып жатуында емес. Адамның өзінің ішкі мәдениетінде. Не жазсаң да сауатты жазуға үйрену керек. Өзің сондай талап қойып отыр. Біреудің оны оқуы мен оқымауы өлшем емес. Өзіңді осындай жауаптылыққа үйреткенде ғана өзіңді газеттің немесе телевизия мен радионың лайықты қызметкерімін деп санауыңа болады. Сөйтіп тыныс белгілерін жөндеп алдық. Ендігісі сөйлемнің қаншалықты түсінікті, ұғынықты екенін анықтауға кірісеміз. Редакциялаудың ең қиын тұсы осы. Адам оған жылдар бойы машықтануы тиіс. Өзінің немесе өзгелердің сөйлемдерінде орнында дұрыс тұрмаған сөздерін анықтау қызықты іске айналуы керек. Сонда біртіндеп редактор деген мәртебеге ие боласың. Ол бұйрықпен берілетін мансап емес. Арнайы қорғалатын ғылыми атақ емес. Редактор сені басқа журналистердің мойындауы. Яғни сен кез-келген мәтінді жөндеп шыға аласың. Ал өзің жазғанда ешқандай олқылыққа орын қалдырмайсың. Қазақта «қыздың жиған жүгіндей» деген жақсы теңеу бар. Мықты редактор болған кезінде сенің әрбір жазған сөйлемің де, тұтас мақал мен сценарийің де қыздың жиған жүгіндей жинақы болып, жұтынып тұрмақ.

Сонымен негізгі мәселе оралып, жаңағы сөйлемнің тіркестерін қайта жөндеп шығалық. Яғни пойыздың бірнеше бөлігін қата құрастырамыз. Бұл жерде ескеретін нәрсе өз тарапымыздан жаңа вагон қоспаймыз. Демек, сөйлемдегі сөздермен ғана жұмыс істеп, соларды реттеп береміз. Осы орайда қазақ сөзінің зергері, атақты жазушы, қазақ қаламгерлі арасындағы жалғыз Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповтің «бір сөз бір сөзге көлеңкесін түсереді, ал бір сөз бір сөзге жарығын түсереді» дегені ойымызда жүруі керек. Ал:



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Пікірталас бағдарламалары. Вагондарды байқап тізбекте
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

«Мұнай экспорттаушы төртінші үлкен ел Сауд Арабияның Иранға жасалған Батыс қысымынан соң тіптен айы туды» деген сөйлемнің тізбектерін жөндеуге кірістік. Бұл жолы алаңдамаймыз. Ойымызды басқаға бөлмейміз.

Бірінші тізбек мынадай болып шығуы керек: «Батыстың Иранға жасаған қысымынан соң». Бұл сөйлемнің ең басы болады. Манағы нұсқада «Батыс» сөзі адасып сөйлемнің ортасынан төменгі бөлікте тұрған. Сондықтан Иранға қысымды Сауд Арабиясы жасады ма деген ой қылаң беретін. Енді ондай күдік жоқ. Бәрі түсінікті. Оның үстіне бүкіл оқиға неден өрбіп тұр? Батыстың қысымынан ғой. Ол қысым кімге жасалған? Иранға. Мұның бәрі жаңап тіркесте тайға тайға басқандай айқындалды. Осылайша алғашқы тіркестің іші түзелді. Теңеп айтсақ, мұнай артқан вагондар бір тізбек болып жөнделді. Ары қарай оқиғалар үшін «Неден соң?» деген сұраққа жауап айқын. «Батыстың Иранға жасаған қысымынан соң» дейміз. Санаға сыйымды жауабы тұр.

Енді екінші тіркеске келейік. Авторлық нұсқада ол сөйлемнің, теңеп айтақанда пойыздың басына қойылған, біздің редакциямызда екінші кезекке түсті. Мынадай нұсқада: «Мұнай экспорттауда төртінші үлкен ел Сауд Арабияның». Бұл тіркестің де ішінде олпы-солпы ештеңе қалмай, ұғынықты мәнге ие болды. Сұрақ қойып көріңіз: «Неде төртінші үлкен ел?» Мұнай экспорттауда. Немесе керісінше сұраңыз: Мұнай экспорттауда төртінші үлкен ел қайсы? Сауд Арабиясы. Тіркес жөнге қойылды, пойызымыздың тағы бір тізбегі түзу жолға түсті.

Енді соңындағы үшінші топты түзетелік. Бұл редакциялағанда былай жазылады: «Тіптен, айы оңынан туды». Осы арада бір сөз қостық. «Оңынан» деген. Яғни пойызымызға жаңа бір вагон қосуға тура келді. Қазақта «Айы туды» жай ғана хабарлау, ол табиғатта бір жыл ішінде он екі рет қайталанатын құбылысқа қатысты: «бүгін ай туды» дегені ғой. Ал бұл жердегі автордың айтпағы - саудтар елі үшін қуанышты жәйт болғандығы. Демек, сол мағынаны беретін тұрақты тіркес толық жазылады. «Айы оңынан туды» деуіміз керек. Алдағы дәрістердің бірінде біз тұрақты тіркестер туралы кеңінен сөз қозғаймыз. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер өзгеше әлем. Оның мүмкіндігі, көркемдік қуаты ғажап. Тек орнымен қолдану керек. Ол үшін журналистің тілдік қорында тұрақты тіркестердің бай қазынасы болуы тиіс. Және соны орнымен пайдаланып отыруы керек. Әлгі мысалдан да байқалады. «Айы туды» деген ештеңені бейнелемейді. Сауд арабиясының аспанында ай туыпты деген хабар ғана болып шығады. Ал «айы оңынан туды» дегеннің жөні басқан Бұл мағынасы бар тұрақты тіркес, көркемдік айшық. Қуанды, жақсылық болды деген мағынада қолданылады. Сонымен сөйлемдегі үшінші тіркесіміз: «тіптен, айы оңынан туды» екен.

Енді осы үш тіркес бір-біріне тіркеліп, тұтас сөйлем шығады. Оқып көрелік: «Батыстың Иранға жасаған қысымынан соң мұнай экспорттауда төртінші үлкен ел Сауд Арабияның тіптен, айы оңынан туды». Бәрі түсінікті. Пойыздың мақсаты айқын, вагондары реттелген. Әр тұсқа баратын тізбектері түгел. Манағындай бір-біріне араласып кетпеген.

Міне, ештеңені өзгертпей, қоспай редакциялап шықтық. Мәселе сөйлемнің тіркестерін орнымен жазып шығуда, бейнелеп айтқанда вагондарды дұрыс топтап, сосын тізбектерді жүйелі жалғай білуде.

Осы мысалмен тоқталуға болар еді. Бірақ біз телевизиядағы әріптестеріміздің тағы бір сюжетінің сөздерінің орны ауысқандықтан мағыналық кедір-бұдыр болып кеткенін, оны да тегістеп берелік. Жалпы, редакциялау деген өнер. Оған қолы жеткен адам үшін басқалардың мәтіндегі олқылық бірден көзге ұрып тұрады.

Алдымен шағын сюжетті ерінбей оқып шығалық: «Чехияда әуе шарларын ұшырудан жыл сайынғы әлем чемпионаты өтті. Сайысқа Австрия, Австралия тәрізді 20-дан астам алыс-жақын шет елден барған пилоттар қатысқан. Көкте қалқыған әуе шарлары соққан желге төтеп беріп, белгі салынған нысаналарға дәлдеп тию және өзге де 23 дисциплина бойынша бақ сынасты. Жарыс Праганың солтүстік-шығысынан 280 шақырымдағы жерде өткен. Турнир дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп, түрлі тақырыптарға арналады. Жалпы, шара әуе шарлары чемпионатын танымал етуге бағытталған». Сюжет мәтінінің соңы. Иә, бұл мәтін телевизияда сол жарыстан түсірілген бейнекөріністермен қоса берілді. Бейнекөріністерде мін жоқ. Оператордың жұмысына жіп таға алмайсыз. Ал журналист қазақша жазған мәтінді мінсіз дей алаймыз. Тағы да тіркестерді түзеп, яғни пойыздың вагондарын дұрыс тіркеу керек.

Жол-жөнекей жөндей кетелік, екінші сөйлемде «барған» сөзі емес «келген» сөзін қолдану керек. Чехияға Австрия мен Австралиядан келген. Бұл да мұқият болуды байқатады.

Ал үшінші сөйлемді бажайлап оқиықшы. Ал құлақ түріңіздер: «Көкте қалқыған әуе шарлары соққан желге төтеп беріп, белгі салынған нысаналарға дәлдеп тию және өзге де 23 дисциплина бойынша бақ сынасты». Сонда не болып шықты? «Әуе шарлары бақ сынасқан» болып тұр ғой. Қазақ тілінде, ұғымында «бақ сынау» сөзін адамдарға арналады. Яғни оқуға түсуге талпынған абитуриенттерге, бірінші орын алу



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Пікірталас бағдарламалары. Вагондарды байқап тізбекте
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

үшін конкурса, жарысқа қатысушыларға, басқа да кез-келген мәртебеге таласқандарға арналуы керек. Ал біз бақ сынауды жылқыға дейін арнап қадірін қашырдық. Енді жетпегені жансыз шарлардың «бақ сынауы» еді. Сондықтан үшінші сөйлемде «бақ сынады» баяндауышты сақтайтын болсақ, онда «әуе шарлары» бастауышы «әуе шарларымен ұшқандар» болып толықтырылуы тиіс. Міне сонда тіркес түзеледі.

Енді тағы бір тұста қисайып қалған вагонды түзетіп қоямыз. «Төтеп беріп» емес «төтеп беру» деп жазамыз. Сөйлемді бажайлап оқысаңыздар себебін ұғынасыздар. Бәрін бағындырған ең соңғы тіркес «бақ сынасты» ғой. Сонда неден бақ сынасты? Олар «соққан желге төтеп беру, белгі салынған нысаналарға дәлдеп тию және өзге де 23 дисциплина бойынша бақ сынасты» болып шығады. Демек, төтеп беру мен дәлдеп тию бір етістікке бағынуы керек.

Одан әрі бір вагонды және түзетіп кетеміз. Төртінші сөйлемде «280 шақырымдағы жерде» емес, «280 шақырым жерде». Жалпы артық жалғау жалғай беру – көптеген журналистерге тән кемшілік. Өзінің жақы жазатындар қатарына қосу үшін тілшілер мәтіндерін үстінен редакциялағанда артық тұрған жалғаулардың басын шауып отыруды еске ұстағандары ләзім.

Енді ең соңғы сөйлемді қайталап оқып көріңіздер: «Жалпы, шара әуе шарлары чемпионатын танымал етуге бағытталған». Дұрыстау керек. Оны былай редакциялаймыз: «Жалпы, шара әуе шарларын танымал етуге бағытталған». Чемпионат деген сөз мүлде артық. Бұл жерде шара мен чемпионат бір мағынада. Чемпионатты танымал ету үшін чемпионат өткізу күлкілі естіледі. Әйтпесе «шара» сөзін алып тастауымыз керек. Сюжеттің ең басқы сөйлемінде әлем чемпионаты деген тіркес бар. Демек ең соңында шараны қалдырып чемпионатты алып тастау қисынға сияды.

Осының бәрі – «дисциплина» пен «пилот» сөздерін мағынасы бойынша қазақшалап жіберу қажеттігін айтпағанның өзіндегі тек сөйлемді стильдік және мағыналық жағынан түзетудің мысалдары.

Сосын тағы бір сөйлемде турнир «жыл сайын» өтеді деп жазған соң оны «дәстүрлі түрде» пысықтау артық. Онсыз да «жыл сайын» деген сөз сөз тіркесінен дәстүрлі екені түсінікті болып тұр ғой. «Дәстүрлі» деген вагон бұл пойыздан ағытылады. Ал тұтас сюжетті оқысаңыз «жыл сайын» тіркесінің өзі екі рет кездеседі. Небәрі алты сөйлем хабарламада оны қайталау да – сюжетті жазған автордың салақтығының белгісі. Оның не біріншісін немесе екіншісін алып тастаймыз. Сонда бұл пойыздан тағы екі вагон артық болып шықты.

Ақыр аяғында әуе шарымен жарыстың «түрлі тақырыпқа арналатыны» оқырман үшін жұмбақ болып қалған. Бәлкім жыл сайын түрлі талап қойылатын шығар? Олай десе көкейде сауал қалмас еді. Мұны да түзету керек. Не тиелгені түсініксіз вагонның орнына пайдалы жүгі бар басқа вагон тіркейміз. Ол сөйлемдегі «түрлі тақырыпқа арналады» дегеннің орнына

«түрлі талап қойылады» деп жазылады. Міне енді бәрі өз ретіне келді. Кезекті бірнеше сөйлем, яғни пойыздар түзетілді. Спарлары оң болсын!

Он төртінші сабақты пысықтау:

Сөйлем тіркестерден тұрады, ол тіркестерді неге теңеуге болады десек, жүк тартқан пойызға ұқсайды. Мақала мен сюжеттің тінін қолдан шығармау үшін оны жазып отырғанда басқа ештеңеге алаңдамау керек.

Сөйлемнің ең бірінші тіркесі бүкіл оқиғаны бастап беруші екенін ұмытпау керек.

Бүкіл сөйлемнің пысықтауыштары бір баяндауышқа бағынатындықтан бір түрде жазылады.

Бір сөйлемде оқиғаны «шара» деп жазсақ, ол сөйлемге енді «чемпионат» деп тықпалау артық.